«Бөген ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

НЕГІЗДЕМЕ (ОБОСНОВАНИЕ)

мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы

Арал ауданы «21» шілде 2026 жыл

Тапсырыс беруші	«Бөген ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, БСН _____
Сатып алу атауы	Автокөлікті жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету қызметтері (УАЗ 315195-066 қызметтік автокөлігінің ағымдағы жөндеуі)
Сатып алу тәсілі	Бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы
Құқықтық негізі	«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасы
Бөлінген сома	450 000 (төрт жүз елу мың) теңге, ҚҚС-сыз
Қаржыландыру көзі	Жергілікті бюджет, 124.001.015.159 бюджеттік бағдарламасы (кіші бағдарлама, ерекшелігі)
Әлеуетті өнім беруші	«Шахназар» ЖК, ЖСН 920129401226, мекенжайы: _____
Шарттың орындалу мерзімі	2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін

«Бөген ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі УАЗ 315195-066 маркалы, мемлекеттік нөмірі 486АО11, 2015 жылы шығарылған (сәйкестендіру нөмірі XTT315140F1002280) қызметтік автокөлігі округ әкімі аппаратының қызметтік міндеттерін орындау, аумақты аралау және құжат айналымын қамтамасыз ету мақсатында күнделікті пайдаланылады.

Автокөлікті пайдалану барысында мынадай техникалық ақаулар анықталды: қозғалтқыштың (мотордың) ақаулығы – қозғалтқышты ашып, жөндеу қажеттілігі; беріліс қорабының (КПП) ақаулығы – жөндеу қажеттілігі; алдыңғы және артқы көпірлердің (мостардың) ақаулығы – жөндеу қажеттілігі. Автокөлік 2015 жылы шығарылғандықтан, ұзақ мерзімді пайдалану салдарынан аталған агрегаттардың табиғи тозуы орын алған. Бұл ақаулар автокөлікті одан әрі пайдалануға кедергі келтіреді және жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіреді, сондықтан жөндеу жұмыстарын кідіріссіз жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемі құндық мәнде аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

2026 жылға арналған айлық есептік көрсеткіш – 4 325 теңге, тиісінше 4 000 АЕК – 17 300 000 теңгені құрайды. Осы сатып алу бойынша жоспарланған сома 450 000 (төрт жүз елу

Сканировано с CamScanner

мың) теңгені құрайды, бұл Заңда белгіленген шекті мөлшерден аспайды. «Автокөлікті жөндеу қызметтері» біртекті көрсетілетін қызметтерінің жылдық көлемі де аталған шектен аспайды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, автокөлікті жөндеу қызметтерін мемлекеттік сатып алуды Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы «Шахназар» жеке кәсіпкерінен жүзеге асыру орынды деп есептейміз.

Бөген ауылдық округінің әкімі_____ А. Әлішев

Сканировано с CamScanner